

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### "БЖЗҚ" АҚ "Жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша қаржы журналистикасы мектебі" атты онлайн-семинар өткізді

Ағымдағы жылдың 7-8 қарашасында "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (БЖЗҚ, Қор) халық арасында қаржылық сауаттылықты арттыруға, сондай-ақ зейнетақы жүйесі мен зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер туралы хабардар болуға, жеке зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметтің нәтижелеріне бағытталған белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша қаржы журналистикасы мектебінің кезекті тегін онлайн-курсын өткізді. Оған Қазақстанның түрлі облыстарынан 100-ден астам журналистер, блогерлер мен студенттер қатысты.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мамандары екі күн бойына қазақ және орыс тілдерінде шеберлік сыныптарын өткізді.

Курс бағдарламасында әртүрлі тақырыптар бойынша оқыту модульдері ұсынылды. Қор сарапшылары әлемдегі зейнетақы жүйелерінің үлгілері, БЖЗҚ қызметі, зейнетақы активтерін инвестициялау және жинақтарды сенімгерлік басқаруға беру, зейнетақы төлемдерінің түрлері және оларды алу тетіктері туралы баяндады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты материалды қалай жасауға болатынын, тақырып бойынша эксклюзивті түсініктемелерді қайдан табуға болатынын көрсетті. Сондай-ақ, іс-шараға қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

"БЖЗҚ" АҚ онлайн-семинарға қатысқан барлық тыңдаушыларға алғысын білдіріп, осы шара барысында алған ақпарат оларға салымшы ретінде пайдалы, өзекті де өтімді журналистік материалдар жасауға көмекші болады деп үміттенеді.

Бағдарлама тақырыптары бойынша барлық таныстырылым «БЖЗҚ» АҚ-ның ресми сайтында <https://www.enpf.kz/kz/about/press-center/projects/school-2024.php> сілтемесі бойынша қолжетімді.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекеиелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*